

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

**BULLETIN**

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

**№4/2024**

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 24.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 24.12.2024 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типопр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### **Editorial Board**

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.12.2024 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АКИЖАНОВА Д.М., ОМАРОВА А.С., ЧЕШМЕДИЕВА-СТОЙЧЕВА Д.С.	Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан	7
АҚЖІПТОВА А.О., САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.	Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар	18
АУБАКИРОВА А.Е., ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ЖУАНЫШПАЕВА С.Ж.	Новые термины на казахском языке: история и опыт	32
ӘЛІСЖАН С.Қ.	Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері	44
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Тұрақты тіркестердегі «төрт түлік мал» концептісі	53
ДАВЛЕТОВА С.Е., БИЖКЕНОВА А.Е.	Вернакулярлық контенттерді жер атауларында қолдану және оның тілдік-танымдық ерекшеліктері	61
ДОЛДИНОВ С.А. ЖУСУПОВА Г.М. ВЕРБА Е.А.	Аргументация и убедительная речь в политике Казахстана	76
ЖАКУПОВ Ж.А., ТУЙЛЕБАЕВА Қ.Б.	Сөз семасиологиясындағы синергетика	88
ИБРАЕВА М.Б.	Постсубмәдениет өкілдерінің тілдік бейнесі	98
ISKAKOVA G.ZH., RYSPAYEVAD S.	Language and emotions: emotional lexicon in a literary text (based on the works of A. Kekilbayev, Ch. Aitmatov)	107
ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты	121
SAGIDOLDA G., RAINBEKOVA G.S.	On lexicography of antonyms in the kazakh language	130
ТҮРҒАНБАЕВА Қ.М., САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Қазақ-түрік тілдеріндегі баланың дүниеге келуіне қатысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты	138
УРАЗАЕВА Қ.Б., ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш.Қ., ЕРІК Г.	Языковая личность бия и эффективная коммуникация	147

### ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АБДРАСИЛ Н.С., ЖАПАРОВА А.Ж.	Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораларды салыстырмалы талдау (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде)	158
АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., ДАУЫЛБАЙ М.	Әбіш Кекілбайдың «Ханша-дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі	171
АСАН Н.Б., ХАЛИКОВА Н.С.	Әлішер Рахаттың «Параллель» романының қазіргі қазақ прозасының дамуындағы орны	179
БАЙТУРИНА У.К.	Русский социализм Н.Г. Чернышевского и русская идея Ф.М. Достоевского	189

КӘРІМХАН З.Т., ӘУБӘКІРОВА Қ.Ә., ТОҚТАРБАЙ Е.Н. МАНСУРОВА Ә.Ж. ОРДА Г.Ж.	Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика. Отыншы Әлжанұлы жазған қазанама естелік ретінде	199
НЕСИПБЕКОВА А.С., СМАГУЛОВ Ж.К.	Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы	216
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б., БІРЛЕСОВА Б.Б.	Қазақ әңгімелеріндегі бақсы сарыны	225
TASNEKOVA A.T., ZHURUSSOV N.K., SHARAUOV A.K	Ideological and thematic basis of children's folklore in the research of Bekmurat Uakhatov	238
ТУРСЫНХАНОВА Қ.Қ., МУКАЖАНОВА Р.М. *ХУСАИНОВА А.К.	Шәкәрімнің ақындық кітапханасы Түркі фольклорындағы «әйел» бейнесінің гендерлік аспектісі	249 260

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /  
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

JANDILDINOV M.K., ZHAPAROVA A.ZH., TUSSUPBEKOVA M. ZH.	The role of online resources in the process of english learning	270
КЕРІМБЕКОВА Б.Д. ОТАРБАЕВА Ғ.Н.	Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары	281
ҚУАНБАЕВА Ж.С., БАЙҒҰТОВА Д.Н., ИБРАГИМОВА У.Б.	Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде	291

\*Ж.Ә. АЙМҰХАМБЕТ<sup>1</sup> 

М. ДАУЫЛБАЙ<sup>2</sup> 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1</sup>  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан<sup>2</sup>  
(e-mail: [a\\_zhanat@mail.ru](mailto:a_zhanat@mail.ru)<sup>1</sup>, [maqsat\\_dauylbay@mail.ru](mailto:maqsat_dauylbay@mail.ru)<sup>2</sup>)

## ӘБІШ КЕКІЛБАЙДЫҢ «ХАНША-ДАРИЯ» ХИКАЯСЫНДАҒЫ ГҮРБЕЛЖІН БЕЙНЕСІ

**Аңдатпа.** Әбіш Кекілбай туындыларында қазақ елінің тарихы, ел жадындағы аңыздар, сол тарихи орта мен аңыздық оқиға тұлғалары философиялық-психологиялық тұрғыда бейнеленген. Солардың қатарында «Ханша-Дария хикаясы» атты туындысын ерекше атауға болады. Біз талдау нысанына алған бұл хикая тарих пен аңыз тоғысындағы бір баянды арқау еткен. Хикаяда зұлымдық пен махаббат, қатыгездік мен адамдық тартысқа түседі. Шыңғыс – ұлы жаулаушы, асқақ билеуші, жеңілмейтін жеңімпаз болғанымен өз бапсына жетекшілік кемшілігі бар және ажалдан қашып құтылмайтын жұмыр басты пенде. Жазушы ол туралы халық аңыздарына зер сала отырып, билеушінің құлқына, ішкі жан-дүниесіне терең үңіледі. Шыңғыс ханның қанды жорықтарының бірінде жолыққан таңғұт билеушісінің ақылына көркі сай сұлу жары Гүрбелжін – бұл хикаядағы орталық кейіпкер. Мақалада Гүрбелжін хикаяның басты тұлғасы ретінде талдау нысанына алынған. Шыңғыс хан бейнесі Гүрбелжіннің фондында ашыла түседі. Кейіпкер тұлғасын даралауда жазушы тарихи аңызды суреткерлік қиялмен шебер ұштастырып, туындының мазмұндық, көркемдік сипатын психологиялық детальдар арқылы байытқан. Мақалада осы мәселелер талдау нысанына алынып, авторлық ұстанымның кейіпкер болмысын танытудағы тәсілдері сараланады.

**Түйін сөздер:** аңыз, сюжет, көркем кеңістік, түс көру, психологиялық деталь, суреткерлік қиял.

**Кіріспе.** Тарихтағы елеуді, маңызды оқиғалар ұрпақтан ұрпаққа тек деректер арқылы ғана емес, көркем әдебиет үлгілері арқылы да жетеді. Көркем әдебиетте тарихи оқиғаны суреттеудің сан алуан тәсілі бар. Қаламгерлер тарихи деректерге сүйене отырып, сол қиға ішіндегі бір детальді күллі шығарманың өзегіне айналдырады немесе кейіпкерлер психологиясы арқылы оқиғаның мәнін танытуға ұмтылады. Тарихи шындық арқау болған туындының бас кейіпкері сол оқиғаның орталық тұлғасы, басты себепкері болады. Сондай-ақ басқа да кейіпкерлер орталық қаһарманға айналуы мүмкін. Әлем әдебиеті және қазақ әдебиеті үлгілерінен бұл сөзімізге көп мысал ұсына аламыз.

Көркем туындының өз заңдылықтары бары белгілі. Ондағы шындық – көркем шындық. Тарихи шындықтың көркем кеңістіктегі көрінісі өзіндік заңдылықтармен ұсынылады. Елдік жолындағы ерлік істер, билікке ұмтылған әміршілердің күрделі де қайшылықты тағдырлары көркем әдебиеттегі тақырып және кейіпкерлер жүйесін қалыптастырғаны белгілі. Шындықты тануда суреттеулердің айрықша маңызы бар екенін ескере отырып, жазушы баяндаған тарих пен ол сомдаған тарихи тұлға өмір шындығы мен көркемдік шешім байланысының қағидаларын тани түсеміз.

Қазақ әдебиеттануында тарихи шындықты, сол шындықтан бастау алған аңыз оқиғаларын суреткерлік шеберлікпен жаңғыртқан қаламгер Әбіш Кекілбай



шығармаларының кейіпкерлік өрісі алуан тағдырлы тарихи тұлғаларды қамтиды. Солардың ішінде біз «Ханша-дария хикаясына» тоқталмақпыз.

Бұл өткен заман тарихын аңыз оқиғасымен сабақтастыра философиялық-психологиялық тұрғыда көркем кеңістікте жаңғыртқан туынды.

Жалпы, Ә.Кекілбай прозасына тән басты ерекшеліктің бірі – тарихи-аңыздық сюжеттерді философиялық-психологиялық тұрғыда пайдалана отырып өзекті мәселелерді танытады. Аңыз – жазушы шығармаларының алтын өзегі десе де болады. Бұл туралы зерттеушілер айтқан мына пайымға назар аударайық: «Ә.Кекілбаев шығармаларындағы мифтік желілер, аңыз-әңгімелерді пайдалану тәжірибесін алсақ, ол өзіне дейінгі аңыз-әңгімелерді шебер пайдалана отырып, философиялық, психологиялық мән-мағына, өзіндік концепция жүктейді. Жазушы шығармаларында аңыздық сарынды дайын күйінде алмайды. Қаламгер халық жадындағы аңыз-әңгімелерден ерекше бір күрделі мазмұн, символдық мағына көре біледі» [1, 54].

Жазушы шығармашылығындағы аңыз сюжеттерінің орны жайлы айтқанда тек тарихи тақырыптағы туындылары ғана емес, бүгінгі күн тақырыбын арқау еткен шығармаларында да бағзы дәстүрді басты назарда ұстайтынын көруге болады. Жазушы Г.Бельгер: «Жазушының «Шыңырау», «Бәсеке», «Автомобиль», «Күй», «Ханша-дария» атты повестеріндегі оқиғалар мен әлеуметтік ой пікірлер мазмұны жағынан біздің заманымызға жақын. Мұнда да Ә.Кекілбайдың о бастағы философиялық, мифологиялық, аналитикалық суреттеу тәсілінен айнымағанын көреміз, бұл жол – ежелгі аңыз-әңгімелердің бірін таңдап алып, соны өзінше баяндап жатады», – деген пікір білдіреді [2, 133].

Ә.Кекілбайдың аңыз сюжеттері негізінде жазылған туындыларының қатарында «Аңыздың ақыры» романы мен «Ханша-Дария хикаясы» повесін ерекше атауға болады. Бұл екі туынды әрі тарихи, әрі аңыздық оқиғаларды арқау еткен.

«Ханша-Дария хикаясы» мынадай сөйлемнен басталады: «...Шығыс Азиядағы бір өзенді қытайлар Хуанхэ-Сары өзен, тибеттіктер Қызыл өзен, Маңғұлдар қара өзен деп атайды. Ал енді оны Хатын гол – Ханша-Дария десеңіз бәрі түсіне қояды. Неге олай?» [3, 6].

Оқиғаның өтетін уақыты да, мекені де тым алыста. Хикаяның бөтен өлкеден баяндалуы Мағауия Абайұлының «Меғдат-Қасымын» еске түсіреді. Бұл да жазушының өзіндік тәсілін аңғартады.

Хикаяда Таңғұт патшалығының күйреуі мен Шыңғыс хан өліміне байланысты жиі айтылған аңыз сюжеті пайдаланылған. Яғни Шыңғыс хан ажалына байланысты айтылатын аңыздың бір версиясы алынады.

Шыңғыс хан – ұлы қолбасшы, көреген саясаткер болумен бірге жауға қатал, қатыгез жаулаушы. Жалпы ұлы қолбасшылардың қайшылықты болмысы туралы айтар болсақ Атилла, Ескендір Зұлқарнайын, Әмір-Темір жайлы тарихи, көркем әрі фольклор туындыларын еске түсірейік. Шыңғыс хан да осы саптағы күрделі болмысты қайшылықты тұлға. «Ханша-дария» повесінің идеясы – жауыздықты, қанышерлікті, тойымсыздықты әшкерелеп, адалдықты, адамдықты ардақтау. Ә.Кекілбай хикаясында әлемді жаулаған билеушінің қаһарынан гөрі елі, ері үшін кек алған Гүрбелжін арудың әрекеті алдыңғы орынға шыққан.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу материалы ретінде жазушы Ә.Кекілбайдың «Ханша-Дария хикаясы» повесі нысанға алынды. Тақырыпты зерделеуде талдау, даралау, жинақтау, сондай-ақ салыстыру әдістері қолданылды. Талдаулар арқылы көркем туындыдағы кейіпкер бейнесі, сюжеттің өрбуі, бейнелеу тәсілдері анықталып, жинақтауда осы талдауда алынған нәтижелер сараланады. Даралау негізінен жекелеген кейіпкер характеріне, бейнесіне қатысты қолданылды. Кейіпкер бейнесін, ішкі әлемін таныту мақсатында және сана ағымы арқылы бейнеленген психологиялық ахуалды ашу үшін психоаналитикалық әдіс ұстанымдарына басымдық берілді.

**Талқылау мен бақылау.** Көркем туындының материалы шындық өмірден алынады. Аңыз мен тарихи шындық Әбіш Кекілбайдың көркем кеңістігінде ерекше орынға ие. Ел жадында жатталып аңызға айналған оқиғалар және кейіпкерлер жазушының



шығармашылық кеңістігінде молынан орын алады. Фольклор үлгілерінің көркем жазба әдебиетке қызмет етуі қалыптасқан дәстүр, заңдылық деуге болады. Сол аңыз оқиғаларының шебер де кемел көркем баяншысы – Ә.Кекілбайұлы. Жазушының «Ханша-Дария хикаясы»

әлем тілдерінің біразына аударылды. Оқырмандары да жетерлік. Айтушысы болғаны өз алдына, «Ханша-Дария хикаясы» – Таңғұт елінің ер жүрек, намысты әйеліне деген құрмет.

Зұлымдық атаулыға қарсы шығып, өзінің мақсатын ақыл-айласымен іске асырған таңғұт аруына сөзбен қойылған ескерткіш дерліктей бұл туындының көркемдік бітімі де ерекше.

Ә.Кекілбай шығармаларындағы аңыздық және тарихи тұлғалар туралы зерттеулер әлемдік деңгейдегі ғылыми басылымдарда жарияланып келеді. Солардың бірі – «The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of statehood» атты мақаладағы: «A. Kekilbay's works present the law of struggle and unity of contradiction, which is the driving force of development. White and black, good and bad, yesterday and today, honesty and evil intent, love and hatred, peace and war, contentment and greed, kindness and evil develop together in the novel «Anyzdyn akuty» and story «Khansha Dariya khikayasy» [4,384], – деген тұжырым суреткер жазушы стилін таныта түседі (қазақшасы: «Ә.Кекілбай туындыларында дамудың қозғаушы күші болып табылатын қайшылықтардың бірлігі мен күрес заңы көрсетілген. Ақ пен қара, жақсы мен жаман, кеше мен бүгін адалдық пен арам ниет, махаббат пен өшпенділік, бейбітшілік пен соғыс, қанағат пен ашкөздік, мейірімділік пен зұлымдық арасындағы тартыс «Аңыздың ақыны» романы мен «Ханша Дария хикаясының» алтын өзегі»)

Хикаяның бас кейіпкері Гүрбелжін – таңғұт билеушісі Шидүргенің ханымы. Ол туралы айтылатын аңыздың кеңістігі өте ауқымды. Е.Кычановтың «Звучат лишь письма» атты еңбегінде таңғұт патшалығының күйреуі туралы көп мәлімет келтірілген. Осы кітаптың алғашқы тарауы «Прекрасная Гурбелджин» деп аталады [5,5-11]. Бұл кітапта автор Гүрбелжін туралы әңгімені бір қарттың аузымен баяндалған аңыз түрінде келтіреді.

Ә.Кекілбай ұлы әміршілердің, билеушілердің мықтылығын, қарапайым адамдардан дараланып тұрар ерекшелігі мен дәрменсіздігін өзінің көркемдік кеңістігінде суреткерлік шеберлікпен ашып көрсетеді. Өмір мен өлім атаулы хан мен қараға, жұмыр басты пенденің бәріне ортақ екенін философиялық тұрғыда бейнелеп жеткізеді. «Ханша-Дария» хикаясы – мазмұн мен идеясы жағынан автордың терең философиясы мен көркем психологизмі шебер астасқан туынды.

Хикаятта әуелі Шыңғыс ханның көңіл күйі алға тартылады. Жеңіліс көрмеген жеңімпаз билеушінің өзгелердің көзінен жасырғысы келген дәрменсіздігін жазушы нақты суреттеулермен жеткізеді.

«Елден шыққалы біраз болыпты. Одан бері айтқаны болып, атқаны тиіп, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ сайран салып келе жатқанымен, бұның өзін мысқалдап болдырта түсетін өлшеулі ғұмырдың алдамшы жылдарының бірталайын ада еткені есіне енді оралды...» [3,17] – деген жолдар арқылы Шыңғыс ханның өлшеулі өмірдің біразы кетіп қалғанын сезінуі берілген.

Өміршінің Қасар мергенмен аңға шыққан сәті хикая оқиғасының кілті тәрізді. Сондай-ақ жазушы алдында ғана түсініксіз түс көріп оянған Шыңғыстың көңіл алаңын аңшылық сәтінде де еске салып өтеді:

«Мұның ту сырты дүсір етті де, қар көмген шыршаның түбінен ақ түбіт ту қоян атып шығып беже жөнелді. Артындағы нөкері бұл қапы қала ма деп қиқулап жатыр. Қорамсақтан бір оқ алды. Зәресі зәр түбіне кетіп, мәнсіз-мағынасыз шыбын жанын қайтсем аман алып қалам деп, безіп бара жатқан қол басындай қораш мақұлқат ақырғы рет бір қарғыды да, таңы қып-қызыл боп, анадай жерге ұшып түсті.

Қасар мерген екеуі желе-жортып қасына жетіп барды. Түнде жауған мамық қар бетіне қан тамғанда қандай әдемі. Есіне түндегі түсі оралды.

– Осы дүниеде, сірә, денесі тап осы қан сонардың қарындай апшақ әйел баласы бар ма екен? – деді.

Қасар мерген:

– Таңғұттардың Шидүрге деген бір бекзадасының Гүлбелжін деген әйелі қараңғы үйге кіріп барғанда, самаладай жарқырап кетеді дейді. Болса тек соның жүзі ғана осындай шығар, – деді шала-жансар қоянды тамағынан орып жатып.

– Таңғұттардың дейсің бе...

Шыңғыс хан ойланып қалды» [3,18].

Шыңғыстың бұл сөзі тек ерекше сұлу әйелге деген құмарлық қана емес, жазушы астарлап отырған пенделік тойымсыздық ниет, қанағатсыздық екенін аңғаруға болады.

Әлемнің жартысын билеп-төстеп, дүниенің төрт бұрышына есімін мойындатқан Шыңғыс хан – өз заманының озық ойлы, саяси және әскери тактиканы жақсы білетін қолбасшы, көрегендігімен көзге түскен ерекше тұлға, бір орталыққа бағынған алып империяны құрушы. Әдеби, тарихи шығармалардың көпшілігінде қағанды жолында бас имеген халықты қырып, жайпап, атының басқан жерін қызыл қанға бояйтын «жауыз, қанға тоймайтын қанішер» етіп суреттейді. Тарихтағы даңқты билеушілердің образы кейбір туындыларда ерен ерлік, шебер қолбасшылық, көрегендік қалыпта да суреттеледі. Жалпы, тарихтағы ірі тұлғалардың қайшылықты тұлға екендері рас, осы қайшылықтар оларды ұнамды яки ұнақсыз қаһарман етіп бейнелеудің басты тетігі.

Шапқан елін үрім бұтағына дейін қырып-жоятын қатыгездігін жазушы Ә.Кекілбайұлының «Ханша-Дария хикаясында» ханның Таңғұт билеушісі Шидүргемен тіл қатысуынан және ісінен көрінеді: «Ендеше сенің таңғұтыңнан тірі қалған осы алпыс және өзің. Қалған еркек кіндіктің бәрін лақша бауыздадым. Әйелдерді сұрыптап жүріп, тек сұлуларын ғана аман алып қалдым. Олар бұдан былай Маңғұлдан бала сүйеді. Ал мынау алпыс – қазір сенің көзіңше жаһаннамға жөнелтіледі. Шыңғыс ханның мына сөзін естігенде анадай жерде бөлек иіріп қойған тұтқын таңғұт әйелдері жеңдет семсері әрқайсысының ішін жарып бөрінің бөлтірігін тірілей салып жібергендей, оқыс ышқындасып қалды. Арасында жылап тұрғандары да баршылық» [3, 77].

Шыңғыстың ойлануы тағы бір қырғынның да басы болып еді. Таңғұт елінің патшасын, оның халқын соңғы алпысын да жер бетінен құртты. Жүкті әйел біткеннің қарнын жарды. Зорлық пен қорлықтың жойқын түрімен жазалады. Бұл билеушілердің қатыгездік болмысын танытатын сипаттар.

**Нәтижелер.** Шыңғыс хан бейнесі көптеген әдеби, тарихи туындылардың нысанына алынғаны белгілі. Ә.Кекілбайұлы «Ханша-Дария хикаясы» повесінде қағанның бейнесін мүлдем басқа қырынан танытты, себебі, жазушының көздегені әміршінің даңқын марапаттау емес, оның қайшылықты болмысының бір қырын таныту, жорықтағы әрекетін, пенделік қалпын философиялық тұрғыдан байыптау. Шығыс хан бұл туындыда бас қаһарман Гүрбелжін бейнесін даралай түсу мақсатында қызмет етеді.

Шығарма құрылымы күрделі: эпиграф (бұл – парамәтін элементі), пролог, сегіз бөлімнен және эпилогтан тұрады. Повесть Шыңғыс ханның оянып, он саусағында жарқыраған асыл он жүзікті алғаш көріп отырғандай тесіле қарап қызықтауынан, саусағында тұрған-тұрмағанын түгендеуінен басталып: «Кәрі жүрек көп қуана бермейді. Бірақ әр күн сайын таңертең төсегінен тағы да тірі өргенін көргенде қалай да көңілденеді» [3, 6], – деп суреттеу арқылы күні еңкеюге тақаған билеушінің көңіл күйін танытудан басталады

Автор осы жолдармен Шыңғыс хан туралы қалыптасқан ой-пікірлерден бөлек оның да кәдімгі «адам баласы, пенде» екендігін таныта түседі. Көркем туындылардағы бейнелеу тәсілдерінің бірі ретінде түс көру оқиғасын да ұтымды мотив етіп кіргізген. Көрген түсті жоруға көбірек көңіл бөлген.

«Негізі, Ә.Кекілбаев әдеби түс көруді шығармасына енгізу арқылы адамның жан күйін, ішкі сезім құбылыстарын қазбалай, қадағалай зерттеуді мұрат тұтады. Тіршілікте ешкім елеп-ескере қоймайтын түс көруді талдау мен жорудың поэтикалық суреттемелері Ә. Кекілбаев үшін нені меңзейді, нені түспалайды? Жазушы кейіпкерлерінің көрген түстері оқушысын түпсіз ойларға, философиялық толғаныстарға тіреп қоятыны неліктен? Шынында да Ә. Кекілбаевтың әрбір шығармасында Түс – Ақиқат. Олар оқушысына ақыл

айтпайды, жол сілтемейді. Ол тек түспалдайды, ой толғайды, өмір мен өлім, тазалық пен настық (адам жанының), қуаныш пен қасірет, адалдық пен жауыздық т.б. арасында өмірі ымыраға келмейтін қайшылықтар мен қақтығыстар жайлы сыр шертеді», – деді әдебиет зерттеушісі Г.Пірәлиева [6, 69].

Автор осы түс арқылы Шыңғыстың дәл сол мезеттегі ішкі толғанысынан хабар береді. Ол қаншалықты құдіретті болса, соншалықты дәрменсіз. Бұл Шыңғыстың өз ойы арқылы беріледі: «Дүниеде билеуші атаулы бет-ажары келіскенмен, денесінде тыртығы бар сұлу әйелмен бірдей ғой. » [3, 25]. Мұнда, ұлы қағанның психологиясын танытуда «денесінде тыртығы бар сұлу әйелмен» салыстырудың мәні зор. Әйелдің міні әшкере болған соң, сұлулығына шәк келеді, Шыңғыс хан да өз әлсіздігі мен дәрменсіздігін өзі жақсы білгенмен, өзгенің білуін қаламайды. Бұл да жеңімпаз қолбашы, қаһарлы қағанның болмысындағы бір олқылық.

Шыңғыс ханның қуыстанатыны да осы: сары шатырына жолатпайды, түсін де ешкімге жорытпайды. Ел аузында сөз болып, ханның осал тұсын біліп қоятындағынан қорқады.

Жарты әлемді қасы мен қабағына қаратқан ұлы әміршіні жеңе алған – жалғыз өлім. Шыңғыс хан өлімі туралы тарихшылар пікірі де әртүрлі: бір деректерде жорықтан келе жатқанда ауырып өлді десе, енді бір деректерде аттан құлап мерт болды дейді. Қытай тарихшылары басқа дерек ұсынса, моңғолдың кейбір тарихшылары Таңғұттың сұлу патшайымы Гүрбелжіннің қолынан ажал құшты деп жазады.

Повесте Шыңғыс хан Таңғұт билеушісі Шидүргенің басын алады, халықты қынадай қырады. Қанды қасап оқиға Шидүргенің айдай сұлу әрі ақылды ханымы Гүрбелжіннің көз алдында өтеді. Осы бір қанға бөккен сұмдық сәттегі Гүрбелжіннің жайын автор былай суреттейді: «Ханым көйлегінің жеңін шап беріп асап алды. Оң-сол жоқ сүп-сүр жүзін удай ащы көз жасы тілгілеп жатыр» [3, 40].

Ханым арына дақ түсірмей және қанқұйлы жиһангерден кек қайтарып, ғайып болады. «Ұлы әмірші екі санын жуып бара жатқан қызыл-жоса қанға шошына қарап отырып қалды» [3, 41]. Қанша елді шауып, судай аққан қанды көруге еті үйреніп кетсе де, мына отырысына шошынған себебі – өзінен шыққан қан, өзінің қаны.

«Ханша дария хикаясының» эпилогында Қытай диқандары жер бетін қан жылатып, өмір бақи жеңілмейтін жиһангер атанған Шыңғыс ханнан да кек қайтарған арудың денесін тауап етіп, әрқайсысы бір-бір күрек топырақ салғанда, Гүрбелжін ханшаның моласы осындай шартараптан өзіне шақырып тұратын найза төмпекке айналыпты» [3, 45].

Аңызға айналған Гүрбелжіннің туған халқының кегін алу жолындағы намысты ісі барлық халыққа үлгі-өнеге болды. Ханшаның ерлігі мәңгі ұмытылмайды. Қанша ғасыр өтсе де әлем жұртшылығының санасына Гүрбелжін ару аңыз болып орнықты. С. Қирабаев: «Ә. Кекілбаевтың «Ханшадария хикаясы», «Күй», А. Сүлейменовтың «Бесатар», Н. Әбутәлиевтің «Қайран Нарын», Қ. Мұхамбетқалиевтің «Ежелгі дұшпан» сияқты повестері көшпелі халықтың қаһармандық салты мен рухани биік өмірін романтикалық бояулармен жаңғыртуға арналды. Әбіш повестері халық жадында сақталған көне сюжеттер мен аңыздарды көбірек бағдар тұтады. Содан бүгінгі заман үшін қажетті жаңа мазмұн іздейді» [7, 158], – дейді

Повестегі Әміршінің өлім үстіндегі халін жазушы шебер суреттейді. Ж.Дәдебаев былай деп жазады: «Әміршінің түсіндегі өзімен бетпе-бет келген сәті, оның нысана көздеп тұрғандай індете қарағаны, сол қарастың өзінен жаны қалмай қорқуы өзінің сырттай айбарының сесін көрсетеді, дәрменсіз халі ағыл тегіл жылатады. Өлімнің алдында билеушінің де әлсіз, желім құйып тастағандай қыбырсыз, тіпті даусы да шықпай, иегінің кемсеңдеген мүсәпір халі көңіліне алаң кіргізеді. Содан бастап ойы бұзылады. Әміршінің өмірінің соңғы сәттері мен сол сәттегі көңілінің тыныш болмағаны, көреген билеушінің арбалған торғайдай қалай әйелдің қолынан қаза табуына апарар жолы нанымды суреттеледі» [8, 56].

Хикаяттың орталық қаһарманы – Гүрбелжін ханым. Қаншалықты нәзік болса, ішкі қайраты соншалық артық жан. Гүрбелжінге әкесі сыйлаған қос мүйіз Шидүрге екеуінің

тағдырының екі айырылатынын көрсететін деталь ретінде сипатталады. «Мынау қақ сүйектегі ай сызатты бұрын неғып байқамаған? Ханым қос көрінгендей, көз алдында тұрып алған әлгі сызатқа әлі сенбей отыр. Қос мүйізді қақ орталарынан қақ айырып түсетіндей қатерлі сызат» [3, 36]. Ала болар қасіретті осындай сызат түскен сүйек арқылы меңзеген суреткер әрі қарай Гүрбелжіннің көз алдында өткен қанды қасап оқиғаны оның көзімен, сезінуімен бейнелейді.

Ері Шидүргенің, таңғұт халқының тағдыры жанын барынша жылатқан ару елінің, ерінің кегін жауға жібермейді. «Жер бетінде бір таңғұт тірі қалса, менің кегімді жоқтайды» деген таңғұт әміршісінің сөзі орындалады. Әділдік жеңетіндігін жазушы шым-шытырман оқиғалар желісі арқылы шынайы жеткізе білген. Ә.Кекілбаевтың философиялық ойының қорытындысы да анық. Оның образ жасаудағы ізденістерін тереңірек зерттеп, зерделеуіміз керек. «Бүгінгі адам психологиясында жүріп жатқан арпалысты ашу үшін, әрине, оның өзін ғана сөйлету жеткіліксіз. Адамның ішкі әлемінің мүмкіншіліктерін, оның тез өзгеріп жататынын, тіпті өзін-өзі билей алмайтынын, өзіне де көп жағдайда түсініксіз әрекеттердің пайда болуына тоқтау сала алмайтын ерекше күштің билеп кететінін зерттеуге көшкен бұл әңгімелер-метафоралық прозаның жаңа үлгісі. Сана дағдарысы. Экзистенциальдық әдебиетті еске түсіреді» [9, 228].

Егер осы тұжырымға сүйенетін болсақ, автордың әлемдік классикалық проза дәстүрінен меңгергені көп екені белгілі. Жазушы маңызды эстетикалық үдеріс барысында таптауырын баяндаулардан бойын аулақ салды. Жаңа сипатты бейнелердің өрісіне жол ашты. Жазушы аңыз арқылы кейіпкер болмысына терең бойлап, Гүрбелжін ханымның көркем тұлғасын сомдады. Тойымсыз нәпсінің құрбаны болған билеуші үшін Гүрбелжін ханым – қол жетпес арман, рухы асқақ жеңімпаз. Ол – жарты әлемді билеген әміршіден биік тұрған тұлға. Тұқымымен құртылған таңғұт елінің және сол елдің әміршісі, сүйікті ері Шидүргенің кегін нәзік жанды қайсар ару қайтаруы – оның ұлы ерлігі. Міне, ол сондықтан да бас қаһарманға айналған.

**Қорытынды.** «Ханша-дария хикаясы» повесінің идеясы – жауыздықты, қанішерлікті, тойымсыздықты әшкерелеп, адалдықты, пәктікті, адамдықты ардақтау» [10, 35] – дейді, әдебиет зерттеушісі. Гүрбелжін – зұлымдықты жеңген ізгіліктің, жауыздықты жеңген адами рухтың символы десек болады.

Жазушы шығармада тарихи аңызды суреткерлік қиялмен арттырып, туындының философиялық-психологиялық әрі романтикалық мәнін тереңдеткен. Әрине, ханға жасалынған қастандықтан гөрі, қатыгездік алдындағы адам табиғатының рухани жеңісі, адам рухының мықтылығы жазушы үшін басты нысанда болған. Таңғұт елінің ханшайымы Гүрбелжін көзі көрген сұмдық жауыздық пен қатігездіктен түршіксе тіп, шошынса да үрейге бой алдырмайды. Елі мен ерінің кегін қайтарып, өзі де мерт болады. Бұл аңыздың философиясы зұлымдық пен қара күш ізгілік алдында сөзсіз жеңілетіндігін мегзейді. Мейманасы тасыған зұлым күштің, қиянаттың тағдыры уақытша екенін көрсетеді. Қаншама ерлердің қолынан келмеген ерліктің нәзік те сұлу ханшаға бұйыруы зұлымдық пен ізгілік шайқасының түйіні іспетті.

Жазушы осы романтикалық рухтағы шығармасы арқылы шын мәнісінде әділдікке, оның аңыздағы жоқшысы Гүрбелжін сұлуға өлмес ескерткіш қойды. Хикаят соңында жазушы өзі айтқандай, Гүрбелжін туралы аңызды көркем баяндау арқылы ерліктің, қайсарлықтың үлгісін ұсынады.

### Әдебиеттер:

1. Жанұзақова Қ., Өтепбергенова Г. Қазақ прозасындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №4-5 (150-151). 2014
2. Бельгер Г. Помни имя свое. Мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2012. – 296 б. (қаз.)
3. Кекілбайұлы Ә. Ханша-Дария хикаясы. Балладалар мен роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 320 б.



4. Turysbek R., Sarekenova K., Baitanasova K., Myrzakhmetov A., Aimukhambet Zh. The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of statehood // *Astra Salvensis*, Volume 2021, P. 383-393 // <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107062588 &origin=resultslist>

5. Кычанов Е.И. Звучат лишь письма. – М.: Наука, 1965. – 141 с.

6. Пірәліева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.

7. Кирабаев С. // Материалы международной конференции. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 158 б.

9. Балтабаева Г. Қазақ прозасының көркемдік әлемі. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 228 б.

10. Орда Г. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы мәңгілік құндылықтар // «Әбіш Кекілбаев – замананың заңғар тұлғасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 312 б.

#### **AIMUKHAMBET ZH.A.**

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

#### **DAUYLBAI M.D.**

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

### **THE IMAGE OF GURBELJIN IN THE STORY BY ABISH KEKILBAYEV «THE LEGEND OF HANSHA-DARIA»**

**Annotation.** Abish Kekilbai's works reflect legends about historical and legendary figures with philosophical and psychological depth. Among them, one can especially highlight the work "The Legend of Hansha-Darya". This story, bridging history and legend, is the focus of this study. It traces the confrontation between evil and love, cruelty and humanity. Genghis is a great conqueror, an outstanding leader, an invincible ruler, but he had his flaws, and he could not escape the fate. Based on the folk legends about Genghis, the writer plunges into the psychological state and inner world of the ruler. Gurbeljin, the wise and beautiful wife of the Tangut ruler, who met Genghis Khan during one of his bloody campaigns, is the central character in this story. This article presents an analysis of Gurbeljin as the main character of the story, while the image of Genghis Khan is revealed against Gurbeljin's background. In individualizing the personality of the hero, the writer skillfully combined a historical legend with a picturesque imagination, enriching the meaningful, literary character of the work with psychological details. These issues are analyzed in the article in order to determine the author's position and personality of the character. The work is based on the vision of the invincibility and invulnerability of the human spirit.

**Keywords:** legend, plot, literary space, dream, psychological detail, literary fantasy.

#### **Ж.Ә. АЙМУХАМБЕТ**

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева

#### **М. ДАУЫЛБАЙ**

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

### **ОБРАЗ ГУРБЕЛДЖИНА В ПОВЕСТИ АБИША КЕКИЛБАЯ «ЛЕГЕНДА О ХАНШЕ-ДАРЬЕ»**

**Аннотация.** Произведения Абиша Кекильбая с философско-психологической глубиной отражают в сознании народа предания об исторических и легендарных личностях. Среди них можно особенно выделить произведение «Легенда о Ханше-Дарье». Эта повесть, являющаяся связующим звеном между историей и легендой, представляет объект данного исследования. В ней прослеживается противостояние зла и любви, жестокости и человечности. Чингиз – великий завоеватель, выдающийся правитель, непобедимый повелитель, однако у него были

свои недостатки, он не мог избежать судьбы. Опираясь на народные легенды о Чингизе, писатель погружается в психологическое состояние и внутренний мир правителя. Гурбельджин, мудрая и прекрасная супруга тангутского правителя, повстречавшаяся Чингисхану во время одного из его кровавых походов, является центральным персонажем в этой истории. В данной статье представлен анализ Гурбельджин как главного персонажа повести, тогда как образ Чингисхана раскрывается на фоне Гурбельджин. В индивидуализации личности героя писатель искусно соединил историческую легенду с живописным воображением, обогатив содержательный, художественный характер произведения психологическими деталями. Данные вопросы анализируются в статье с целью определения авторской позиции и личности персонажа. В основе произведения лежит видение нерушимости и непобедимости человеческого духа.

**Ключевые слова:** легенда, сюжет, художественное пространство, сновидение, психологическая деталь, художественная фантазия.

### References

1. Zhanuzaqova K., Otepbergenova G. Kazak prozasyndagy dastur men zhanasyldyk mäaelesi // KazUU khabarshysy. Filologia seriasy. №4-5 (150-151). 2014
2. Belger G. Pomni imya svoe. Makalalar zhinagy. – Almaty: Gylym, 2012. – 296 b. (qaz.)
3. Kekilbaiuly Ä. Hanşa-Daria hikaiasy. Baladalar men roman. Almaty: Atamura, 2003. – 320 b.
4. Turysbek R., Sarekenova K., Baitanasova K., Myrzakhmetov A., Aimukhambet Zh. The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of statehood // *Astra Salvensis*, Volume 2021, P. 383-393 // <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107062588 &origin=resultslist>
5. Kychanov E.I. Zvuchat liş pismena. – M.: Nauka, 1965. – 141 s.
6. Piralieva G. Korkem prozadagy psihologizmning keibir maseleleri. Monografia. – Almaty: Alaşh, 2003. – 328 b.
7. Kirabaev S. // Materialy mezhdunarodnoi konferensii. – Almaty: Qazaq universiteti, 2019. – 158 b.
8. Dadebaev J. Tus aiany. – Almaty: Gylym, 1992. – 56 b.
9. Baltabaeva G. Qazaq prozasynnyng korkemdik alemi. Almaty: Dastur, 2016. – 228 b.
10. Orda G. Äbiş Kekilbaev şygarmalaryndaғы мәңгілік құндылықтар // «Äbiş Kekilbaev – zamananyng zangar tulgasy» atty khalyqaralyk gylymi-praktikalyq konferensianynyng materialdary. – Almaty: Qazaq un-ti, 2019. – 312 b.

### Авторлар туралы мәлімет:

**Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы** – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Аймұхамбет Жанат Аскербекқызы** – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Aimukhambet Zhanat Askerbekkyzy** – doctor of Philology, Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Дауылбай Мақсат Дауылбайұлы** – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің докторанты, Қызылорда, Қазақстан.

**Дауылбай Мақсат Дауылбайұлы** – докторант Кызылординского университета имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

**Dauylbai Maksat Dauylbaiuly** – doctoral student Korqyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.